

# ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

2025 жылғы 7 сәуір

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы (бұдан әрі – 1-тарап), жетекшісі Тасбергенова Гаухар Кошқарбековнаның атынан және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – 2-тарап), жетекшісі Абдрашев Бахтияр Толепбергенович атынан, бірлесіп Тараптар деп аталатындар, білім беру саласындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын дамыту, кәсіби білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, мәдени мұраны сақтау, зерттеу және танымал ету, сондай-ақ мәдени байланыстарды тереңдету мақсатында, өзара мүдделі ынтымақтастықты көздей отырып, осы ынтымақтастық туралы меморандум жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптар өз құзыреті шегінде оқу процесін жетілдіру, музыкалық-білім беру жобаларын енгізу, музыкант-орындаушыларды кәсіби даярлауды жақсарту, мәдени мұраны сақтау, оқушылардың орындаушылық шеберлігін дамытуды ынталандыру, оқушылардың кәсіби шығармашылық әлеуетін ашу, шығармашылық ұжымдарды танымал ету, білім мен құзыреттілікті өзара арттыру, тәжірибе алмасу, сондай-ақ мәдени байланыстарды тереңдету мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

1.2. Мамандық және музыкалық-теориялық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру. Авторлық бағдарламалар мен оқытудың инновациялық әдістеріне рецензия беру.

1.3. Кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту, мектеп түлектері үшін Ашық есік күнін өткізу. Түлектерді жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуы туралы хабардар ету.

1.4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік көмек көрсету.

1.5. Оқушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу кезеңіндегі ынтымақтастық.

1.6. Түлектердің тәжірибеден өтуі және жұмысқа орналасуы мәселелеріндегі ынтымақтастық.



1.7. Тараптар өз құзыреті шегінде білім беру процесін жетілдіру саласындағы тиімді өзара іс-қимыл мәселелерінде ынтымақтастықты жүзеге асырады, қабылдау және қорытынды емтихандар кезінде ынтымақтастық жасайды.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2.1. Тараптар келесі бағыттар бойынша өзара тиімді ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасауға міндеттенеді:

2.1.1. Мәдени-білім беру және музыкалық-ағартушылық жобаларды бірлесіп әзірлеу және енгізу.

2.1.2. Тараптардың тиісті қызмет салаларында жинақталған тәжірибесі мен білімдерімен алмасу, оның ішінде тараптар өкілдерінің кез келген тарап ұйымдастырған семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге ашық форматтағы іс-шараларға және басқа да іс-шараларға қатысуы арқылы тәжірибе алмасу; әр түрлі байқаулар мен олимпиадалардың қазылар алқасының мүшелері ретінде қатысу, шығармашылық жоғары оқу орындары профессорларының оқушылардың қорытынды аттестаттауында комиссия төрағалары ретінде қатысуы.

2.1.3. Әр түрлі шығармашылық іс-шараларды өткізу: концерттер, байқаулар, олимпиадалар, фестивальдар, шеберлік сыныптары.

2.1.4. Мәдениет және өнердің көрнекті өкілдерімен, шығармашылық ұжымдармен шығармашылық кездесулер ұйымдастыру.

2.1.5. Шығармашылық ұжымдардың бірлескен концерттерін ұйымдастыру және өткізу.

2.1.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдалану.

2.2. Тараптар мәдени-ағартушылық тақырыптағы тараптар үшін өзекті және қызықты болатын жобаларға басымдық берілетіні туралы келісті.

2.3. Тараптар нақты мәдени бағдарламалар мен ынтымақтастық жобаларын іске асыру жеке екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылатыны туралы келісті.

2.4. Осы Меморандум екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 жыл мерзімге жасалады. Осы кезеңнің соңында меморандумның қолданылу мерзімі тиісті мерзім аяқталғанға дейін екі ай бұрын меморандумның қолданылуын тоқтату туралы тараптардың бірінің жазбаша хабарламасына дейін автоматты түрде ұзартылады.



2.5. Меморандум екі тілде, қазақжәне орыс тілдерінде жасалған, 2 (екі) бірдей данада, 4 (төрт) парақтан тұрады, әр тарапқа бір данадан.

### **3. ӨЗАРА ЕСЕПТЕУЛЕР МЕН ТӨЛЕМДЕР**

3.1. Іс-шараларды қаржыландыру әр тараптың өз қаражаты есебінен, демеушілік қаражат есебінен және тараптардың келісімі негізінде жүзеге асырылады.

### **4. МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ШАРТТАРЫ**

4.1. Қолданыстағы шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және тараптардың бірі оны бұзғанға дейін немесе тараптардың келісімі бойынша қолданылуын тоқтатқанға дейін қолданылады.

4.2. Шарт тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін, бұл туралы жеке хаттамада жазылады.

4.3. Осы Шартты орындау кезінде туындайтын барлық даулар мен қиындықтарды Тараптар тек келіссөздер жүргізу арқылы шешуі тиіс.

4.4. Тараптардың қосымша талаптары туындаған жағдайда қосымша келісім жасалады.

4.5. Шарт екі данада, әр тарапқа бір данадан жасалады және бірдей заңды күші бар.



# ТАРАПТАРДЫҢ ЗАНДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің

Құрманғазы атындағы Қазақ

Ұлттық консерваториясы

ҚР, Алматы қ., 050000

Абылай Хан көшесі, 90

тел.: 8 (7272) 90 0647

Жетекшісі:



Тасбергенова Г.К

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және ақпарат министрлігінің

«Күләш Байсейітова атындағы дарынды

балаларға арналған республикалық мамандандырылған

музыка орта мектеп-интернаты» РММ

ҚР, Алматы қ., 050040

Байзақов көшесі, 304

тел.: 8 (7272) 394-91-45

Жетекшісі:



Абдрашев Б.Т.